



Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 маусым N 60-II.

Астанада 1999 жылғы 2 қыркүйекте жасалған Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы
арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы
Шарт*

* (2001 жылғы 23 мамырдан бастап күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 2, 20-құжат)

Бұдан әрі Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы,
қазіргі бар достық байланыстарға және өз халықтарының арасындағы дәстүрлі өзара сыйластыққа сүйене отырып,

олардың арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты ұдайы дамыту әрі нығайту екі мемлекет халықтарының мүдделеріне жауап береді деп санай отырып,

екі мемлекеттің тарихи тағдыры мен игілігі Еуроазия кеңістігінде де, сондай-ақ дүние жүзінде де бейбітшілікті, қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайтумен тығыз байланысты екенін түсіне отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде ынтымақтастыққа ұмтыла

отырып және ТМД шеңберінде екі мемлекет қол қойған құжаттарды іс жүзінде

жүзеге асыруға белді бекем буып,

саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салалардағы қатынастарды дамытуға және тереңдетуге тілек білдіре отырып,

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған ережелері мен принциптерін сақтауға өздерінің адалдығын қуаттай отырып,

екі мемлекеттің халықаралық ұйымдар мен аймақтық бағдарламалардағы тығыз ынтымақтастығының маңыздылығын тани отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қарым-қатынастарын өзара құрмет тұтуға, сенімге және келісімге негіздейді, бұл ретте БҰҰ мен ЕҚЫҰ-ның негізге алынатын принциптерін, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған ережелерін басшылыққа алады.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, тәуелсіздігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған қандай да бір іс-әрекеттерге немесе іс-шараларға, сондай-ақ одақтарға және блоктарға қатысуда ұстамдылық танытуға және де екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа қарсы шабуыл немесе өзге де күш қолдану қимылдары мақсатында өз аумақтарын пайдалануға жол бермеуге міндеттенеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумақтарында екінші Уағдаласушы Тараптың мемлекеттік егемендігіне, тәуелсіздігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған ұйымдар мен топтарды құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ жекелеген адамдардың қызметіне тыйым салады әрі жолын кеседі

Бұл ретте Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аумағындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша өзара консультациялар өткізетін болады.

3-бап

Ұлттық қауіпсіздікті және әскери құрылысты қамтамасыз ету мәселелерін дербес түрде шеше отырып, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы салаларда тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады және осы Шарт пен басқа да тиісті

келісімдердің негізінде өзара іс-қимылдың нысандарын белгілейді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар дүние жүзілік шаруашылық қатынастары жүйесіне мақсатты түрде тарту мақсатында өздері мүдделілік білдіретін халықаралық, аймақтық қауіпсіздік және экономикалық кооперация мәселелері бойынша түрлі деңгейлерде консультациялар өткізетін болады.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар құқық бұзушылыққа, оның ішінде ұйымдасқан қылмысқа, сыбайлас жемқорлыққа, халықаралық терроризмге, заңсыз қаржылық операцияларға, есірткілердің, жүйкеге әсер ететін, радиоактивті, жарылғыш заттардың, улы химикаттардың, қару-жарақтың заңсыз айналымына, көліктің барлық түрлеріндегі қозғалыстың қауіпсіздігіне бағытталған іс-әрекеттерге, контрабандаға, мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуге қарсы күрестегі іс-шараларда ынтымақтасатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы салаларда тәжірибе және жедел

ақпарат алмасуды жүзеге асыратын болады, осыған байланысты халықаралық ынтымақтастық шеңберінде бірлескен іс-шараларды жүргізеді.

5-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өзінің аумағында тұрып жатқан екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың азаматтарының азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары мен негізгі жеке бас бостандықтарын Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған ережелеріне сәйкес сақтауды қамтамасыз ететін болады.

6-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және басқа салаларда тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамытатын болады.

Жоғарыда аталғандармен қатар мынадай бағыттарға басымдық беріледі:

халықаралық ұйымдарда түрлі бастамаларды жүзеге асыруда Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың мүдделеріне қайшы келмейтін ынтымақтастық,

- негізге алынатын халықаралық құжаттарға сәйкес адам құқығын қамтамасыз ету,

- екі мемлекетте де тұрақтылықты, бейбітшілікті және азаматтық келісімді нығайтудың аса маңызды факторы болып табылатын демократиялық қайта жаңғыртуларды дәйекті түрде жүзеге асыру,

- қоршаған ортаны қорғау,

- ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және есірткі заттарының заңсыз айналымына қарсы күрес.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі жақты және көп жақты құжаттардың негізінде осы салаларда ынтымақтастықты дамытатын және тереңдететін болады.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар олардың арасындағы парламенттік байланыстарды одан әрі кеңейтуге жәрдемдесетін болады.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ұлттық экономикалардың әлеуетін тұрақты дамыту мен тиімді пайдалануға ерекше маңыз бере отырып, екі мемлекет арасындағы экономикалық интеграцияны тереңдетуге жәрдемдесетін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа экономикалық зиянын тигізуге қабілетті іс-әрекеттен тартынатын болады.

9-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өз аумақтарында екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың кәсіпорындарының, ұйымдарының және кәсіпкерлерінің қызметіне, оның ішінде өндірістік кооперация, тікелей инвестициялар және оларды қорғау саласында қолайлы жағдайлар туғызуға жәрдемдесетін болады; бірлескен трансұлттық бірлестіктерді, сондай-ақ ынтымақтастың басқа да нысандарын ұйымдастыруға және олардың қызметіне жәрдемдеседі.

10-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар көлік пен байланыстың, теле- және радиокommunikациялардың, информатиканың ұлттық жүйелерін дамытудағы, осы салаларда қалыптасқан кешендер мен бірыңғай жүйелерді сақтауға және ұтымды пайдалануға жәрдемдесе отырып, ынтымақтастықты кеңейтетін болады.

Екі мемлекет арасында теміржол, әуе, автомобиль көлігімен жүктерді және жолаушыларды тасымалдау, сондай-ақ мемлекеттердің аумақтарынан транзиттік өту оның ішінде жекелеген келісімдермен белгіленетін тәртіпте тиісті инфрақұрылымдарды пайдаланумен жүзеге асырылатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қозғалыстың, жолаушылардың және тасымалдаушылардың қауіпсіздігін, бір-бірінің аумағында көліктік тасымалдау кезінде жүктер мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар TRACECA және INOGATE бағдарламаларының шеңберіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде өздерінің іс-қимылдарын келісіп алатын болады.

11-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар оқу орындарының, ғылыми-зерттеу орталықтарының арасындағы тікелей байланыстарды көтермелеп, білім, денсаулық сақтау, ғылым және техника саласындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ өздерінің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, интеллектуалдық меншік құқығын қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытатын болады, бірлескен бағдарламалар мен әзірлемелерді, әсіресе озық технологиялар саласында, жүзеге асыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау саласында бірлесіп жұмыс істейтін болады, сондай-ақ ғалымдармен, оқытушылармен, стажерлермен, аспиранттармен және студенттермен алмасып отыруды көтермелейді.

12-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар мәдениеттің түрлі салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға барынша жәрдемдесетін болады, шығармашылық одақтар мен бірлестіктердің, мәдениет мекемелерінің, әдебиет, өнер, туризм мен спорт қайраткерлерінің арасындағы іскерлік байланыстарды кеңейтуге және осы салалар үшін кадрлар даярлауға мүмкіндік туғызады.

13-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қоршаған ортаны қорғау саласында, ресурсты үнемдей отырып табиғатты пайдалануда, экологиялық таза өндіріс саласын кеңейтуде ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар экологиялық қауіпсіздікті тегіс қамти

алатын халықаралық жүйені құруда және табиғи сондай-ақ техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде бір-біріне көмек көрсетуге ұмтыла отырып, осы салада аймақтық және ғаламдық деңгейлерде ынтымақтасатын болады.

14-бап

Осы Шарттың ережелері олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар мен келісімдерден туындайтын Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

15-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мен қолдануға қатысты пікір алшақтықтары Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілуі тиіс.

16-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімделеді.

17-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күні күшіне енеді.

18-бап

Осы Шарт он жыл мерзімге жасалады және егер Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа Шарттың қолданысының тиісті мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде бір жыл бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда мәлімдесе, Шарт әрбір жолы келесі

бесжылдық кезеңдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Астана қаласында 1999 жылғы 2 қыркүйекте әрқайсысы қазақ, армян және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаса Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасы үшін Армения Республикасы үшін

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.